

А.Ж. Тиштықбаева

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: arnagul0707@mail.ru)

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларының басым бағыттары

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның өндірістік саясатының бір бөлігі болып есептеледі. Ол өнеркәсіпті тиімді реттеуді пайдалана отырып, саны шектеулі секторлар мен ресурстардың концентрациясы бар өңдеуші өнеркәсіптің дамуына бағытталған. Мақалада үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асуының нәтижелері және оның ел экономикасына ықпалы талқыланған. Мемлекеттік жобаны іске асыру кезіндегі экономиканың дамуының негізгі бөлшектері қарастырылған. Елдің экономикасын дамытудың жаңа айналысына шығара алатын басты салалардың орны мен ролі қарастырылған.

Кілт сөздер: инвестициялар, үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы, индустрияландыру, жобалар, модернизация, жоспарлау, стратегия.

Жаңалық пен ғылымды, технологияны, техниканы өндіріспен тығыз байланыстыру мақсатында Қазақстанда «индустриялық-инновациялық даму» бағыты көзделген. Бүгінде біз үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты жүзеге асырып отырған алып мемлекетке айналудамыз. Мемлекеттің бәсекеге қабілетін көрсететін басты көрсеткіш — оның экономикасы. Экономиканың бәсекеге қабілетті болудың басты бағыты — индустриялық-инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыта отырып, инновациялық процестерге бет бұру.

«Индустрияландыру» ұғымын терминологиялық көзқарас жағынан қарастырайық. Уикипедия танымал электронды энциклопедиясына сәйкес: «Индустрияландыру (немесе өнеркәсіптік төңкеріс) (лат. тілінде *Industria*) — дамудың дәстүрлі кезеңінен индустриялық кезеңге экономикада өнеркәсіптік өндірістің басымдылығымен үдетілген әлеуметтік-экономикалық ауысу үдерісі. Бұл үдеріс жаңа технологиялардың дамуымен байланысты, әсіресе энергетика және металлургия салаларында. Индустрияландыру барысында қоғам да кейбір өзгерістерге ұшырайды, оның әлемдік тануы өзгереді. Еңбекке позитивті көзқарас, жаңа технологияларды және ғылыми жаңалықтарды мейлінше тезірек қолдануға ұмтылу да өндірістің және халық табысының үдемелі өсіміне өз үлесін қосады. Нәтижесінде, аса кең ауқымды, ақыр аяғында, өнімнің және қызметтің барлық түрлерінің әлемдік нарығы қалыптасады, бұл, өз кезегінде, әрі қарай экономикалық өсімнің инвестицияларын ынталандырады [1].

Қазақстанда ең алғашқы үдемелі индустрияландырудың қажеттілігі жөнінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жариялады. Бұл Жолдауға сәйкес, үдемелі индустрияландыру — бұл жаңа салаларды қалыптастыру үдерісі, сондай-ақ экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын инновацияларды және жоғары технологияларды енгізу негізінде дәстүрлі салалардың дамуы [2].

Елімізде үдемелі индустрияландырудың тәжірибелік жүзеге асуы Қазақстан Республикасының 2010–2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын қабылдаудан басталды [3].

Инновацияның жаһандық индексіндегі (ИЖИ) Қазақстанның 2014 жылы жағдайы 1-кестеде келтірілген.

1 - к е с т е

Инновацияның жаһандық индексіндегі Қазақстан жағдайы

Көрсеткіш	Қазақстанның жағдайы (әлемнің 143 елінен)	Өзгерісі	Көрсеткіштер мәні	Өзгеруі
Жалпы рейтинг	79	+5	32,7	+0,8
Инновациялық шығындар	69	0	41,1	+0,4
Инновациялық нәтижелер	101	+5	24,4	-0,3
Тиімділік көрсеткіші	126	+8	0,6	+0,1

Индекстің жекелеген көрсеткіштерінің оң өзгерістері бойынша 2014 жылы Қазақстан өз позициясын едәуір жақсартты (2-кесте).

2 - кесте

2014 жылы инновацияның жаһандық индексындағы Қазақстанның негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	Рейтинг (әлемдегі орны)	Динамикасы	Баллы	Динамикасы
Шығындар				
Институттар	67	-3	61,1	-1,3
Адами капитал және зерттеулер	63	+1	30	-2,3
Инфрақұрылым	44	+8	43,8	+6,8
Нарықтық жетілуі	98	-9	44,1	+1,1
Бизнестің жетілуі	103	-16	26,4	-2,5
Нәтижелері				
Білімдер және технологиялар саласында	82	+10	24,8	+3,2
Шығармашылық саласында	106	+10	23,9	-4

Дегенмен, инновацияның жаһандық индексындағы Қазақстанның тұрақты позициясына қарамастан, еліміздің инновациялық қолдау және енгізудің ұлттық жүйесі әзірше қалыптасу сатысында тұр және осы көрсеткіштер бойынша әлемнің озық елдерінен артта қалушылық байқалады.

Осыған байланысты соңғы жылдары Қазақстанда мемлекеттік деңгейде бірқатар құжаттар қабылданды.

Атап айтқанда, мемлекет басшысының «Қазақстан–2050» Стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның әлемнің барынша дамыған 30 елінің қатарына кіру бойынша тұжырымдамасы қабылданды.

Тұжырымдама бойынша Қазақстанның 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді стратегиялық бағыттары ретінде төмендегілер көзделген:


- адами капиталдың дамуы;
- институционалдық ортаны жетілдіру;
- ғылыми сыйымды экономиканы дамыту;
- ғылыми сыйымды экономиканың инфрақұрылымын жедел қалыптастыру.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 40-тан астам әр түрлі бағдарламалар жасалды, соның ішінде екі арнайы бизнесті дамыту бойынша бағдарламалар — «Бизнестің жол картасы–2020» және «Өнімділік–2020». Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы және аталған бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары Қазақстанның барлық аймағының индустриялық-инновациялық дамуына бағытталған жобаларды жүзеге асыруды қарастырады. Тек қана индустрияландыру картасының аясында 12,1 трлн теңге шамасынан астам сомаға 927 жоба іске асады, осының нәтижесінде құрылыс кезеңінде 235 мың шамасында және пайдалану кезеңінде 195 мың шамасында жұмыс орындары пайда болады.

Оның ішінде құны 7,5 млрд теңгеден астам шаманы құрайтын, жалпы сомасы 8,1 трлн теңге 48 аса ірі әлеуметтік маңызы бар жобалар республикалық картаға қосылды. Оларды жүзеге асыру 230 мыңнан астам жұмыс орындарының пайда болуына мүмкіндік береді. Аймақтық картаның жалпы сомасы 4 трлн теңге 879 жобасын жүзеге асыру нәтижесінде шамамен 200 мың адам тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі [4].

2010 жылдан 2013 жылға дейінгі кезеңде мемлекеттік бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету мақсатымен 3,7 трлн теңге бөлінді. Одан басқа инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға 2,4 трлн теңге жеке инвестициялар жұмылдырылды.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтері бойынша үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2013 жылы бюджет қаражаттарынан 866,3 млрд теңге бағытталды (1-сур.).



1-сурет. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2013 жылы бюджет қаражаттарының шығыны, млрд тг


Көріп отырғанымыздай, құрылымды талдау көрсетілген қаражаттың бір бөлігі өнеркәсіптік саясатты жүзеге асырумен тікелей байланысты болмағанын көрсетеді: индустрияландыру мақсатына (тікелей ықпал) жалпы шығын көлемінің (127,8 млрд теңге) 14,7% ғана бөлінді. Шығынның 85%-дан астамы, немесе 738,2 млрд тг, бағдарламаны жүзеге асыруға жанама түрде ықпал ететін институционалдық қамтамасыз етуге және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға бағытталды. Бұл үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру кезінде көзге көрінерлік нәтижеге қол жетпегендігі туралы қоғамның жағымсыз пікірінің қалыптасуына әкелді.

Индустрияландыру картасының бір жобасын жүзеге асыруға қажетті инвестиция көлемі орта есеппен 13,1 млрд теңгені құрады, республикалық картаның жобасы — 168,2 млрд теңгені, аймақтық картаның жобасы 4,6 млрд теңгені құрады.

Бағдарлама еліміздің экономикасын әртараптандыруға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Оның негізгі күшін дәстүрлі индустрияда (мұнай-газ секторы, тау-кен-металлургия өнеркәсібі, химия және атом өнеркәсіптері), дамуы ішкі сұраныс өсімінің базасында іске асатын салаларда (машина жасау, фармацевтикалық өнеркәсіп, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру), экспортты потенциалы бар салаларда (агроөнеркәсіптік кешен, жеңіл өнеркәсіп және туризм) және «болашақтың экономикасы» секторларында (ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, космостық қызмет, жаңартылатын энергия көздері) өңдеу өнеркәсібінің басым салаларын дамытуға негіздеу болжанған болатын.

Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасында әр түрлі салалық және функционалдық бағыттар жиналған және, ақыр аяғында, ол еліміздің экономикалық даму бағдарламасына өзгеріп кетті. Нақтысында, бағдарламаға өнеркәсіптің түгелге жуық салалары, сондай-ақ мемлекет дамуының жалпы жүйелік бағыттарының көп бөлігі де енген болатын. Бағдарлама жауапкершілігінен тыс тек денсаулық сақтау, ғылым, қаржы, бизнес қызметі, қауіпсіздік және сырқы саясат қызметінің мәселелері ғана қалды.

Индустрияландыру картасында агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) және ауыл шаруашылық қайта өңдеуді — 312 жоба, құрылыс индустриясын және ағаш өңдеу өнеркәсібін — 200, машина жасауды — 95, тау-кен-металлургия саласын — 88, химия өнеркәсібін — 48 және энергетиканы 46 дамытуға арналған жобалар басым. Сонымен қоса инвестициялардың негізгі көлемі мұнайды қайта өңдеу және соған байланысты инфрақұрылым — 2,8 трлн теңге, көлік және коммуникация — 2,6 трлн теңге, тау-кен-металлургия кешені — 2 трлн теңге және энергетика — 1,3 трлн теңге жобаларын жүзеге асыруға бағытталады (2-сур.), осылардың барлығын қосқанда жалпы инвестиция көлемінің 70%-дан астам үлесі шығады. Басқаша айтқанда, қаражат үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасында басым салалардың дамуына бағытталады, алайда көп шығынды қажет ететін, өтілу мерзімі ұзаққа созылатын инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру жағына ауытқу байқалады [5].



2-сурет. Индустрияландыру картасындағы салалар бойынша инвестициялар көлемі, трлн тг

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында мемлекеттік қолдаудың секторлық және жобалық шаралары анықталды. Секторлық шаралар 27 салалық бағдарламаларды және оларға қатысты шебер жоспарларды жүзеге асыру арқылы, ал қолдаудың жобалық шаралары бизнесті қолдау бағдарламаларының «Бизнестің жол картасы–2020», «Өнімділік–2020», «Агробизнес–2020» көмегімен, сондай-ақ отандық өңделген тауарлар, қызметтер экспортын ілгері жылжыту мен ыңдаландыру және шетел инвестицияларын жұмылдыру бойынша мемлекеттік қолдаудың көмегімен іске асты.

Құралдар жинағы (барлығы 100-ден астам), бір жағынан, бизнес үшін қызығушылық тудырса, екінші жағынан, біздің экономикамыздың құрылымын қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғырту жолымен де, жаңа жобаларға инвестиция салу арқылы да нақты өзгертуге мүмкіндігі бар.

Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда басты бағдар жеке инвестицияларға, яғни қазақстандық және шетел компанияларының қаражаттарына, түсіп отыр. Негізгі бюджеттік ресурстар мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыруға бағытталады, оған бизнесті қолдау бағдарламаларының аясында инвесторларды қолдау және кадрлар даярлау жатады.

Осылайша, индустрияландыру картасы жобаларының 95 %-ы — жеке инвесторлардың, басым бөлігі шетел инвесторларының қаражатына салынууда. Қаржыландыруға, әрине, қазақстандық ұлттық компаниялар да қатысуда. Бюджеттен де шығындар бар, бірақ олар негізінен инфрақұрылымға қатысты. Мысалы, біздің экономикамыз үшін маңызы зор болып үш темір жол торабының және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолының құрылыстары (шамамен 800 млрд теңге) табылады.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы бәсекеге қабілетті индустрияны дамытуды, қолданыстағы өнеркәсіптік кәсіпорындарды жаңғыртуды көздейді. Бағдарлама аясында 2014 жылы 2008 жылдың деңгейімен салыстырғанда көрсеткіштер санының өсуі жоспарланған. ЖІӨ нақты өлшемінде 38,4%-дан кем емес, номиналды өлшемінде — 26 трлн теңге шамасында. Шикізаттық емес сектордың жалпы қосылған құны (ЖҚҚ) нақты өлшемінде 39,5%-дан кем емес, өңдеу өнеркәсібінің өсімі нақты шамасында 43,6%, шикізаттық емес (өңделген) экспортының құндық көлемі 30%-дан кем емес, өңдеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігі нақты өлшемінде 1,5 еседен кем емес. Сонымен бірге инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі қолданыстағы кәсіпорындар санынан 10%-ға дейін өсуі керек, сол сияқты, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, ұлттық басқару холдингінің, ұлттық холдингтер мен компаниялардың, жер қойнауын пайдаланушылардың, жүйе құрастыратын кәсіпорындардың тауарлары, жұмыстары мен қызметтерін сатып алудағы жергілікті мөлшерінің үлесі де өсуі қажет.

Бұдан басқа, ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын 2008 жылдың деңгейінен 10%-дан кем емес шамаға төмендету болжанған. Нақтысында, бүгінде сарапшылар үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру қорытындыларын жасап жатыр. Индустрияландырудың бірінші бесжылдығында күрделі жағдайлар айтарлықтай көп болды. Бағдарлама жеткіліксіз мөлшерде тоғыстырылды, шектері тым ауқымды болды, оған көптеген инфрақұрылымдық жобалар енгізілді, сонымен бірге бастапқы кезеңде жобаларды іріктеу аса сапалы болған жоқ.

Бағдарламаның бірінші кезеңінде жинақталған тәжірибе жүйелік қателіктер тізімін көрсетті. Біріншіден, бағдарлама аясында салалардың аса кең шоғыры оның басым бағыттарын дамытуға саны бойынша шектелген қолжетімді ресурстарды тиімді жұмылдыруға мүмкіндік берген жоқ. Екіншіден, үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы мен оны жүзеге асыру үшін жасалған жеке салалық бағдарламалардың арасындағы байланыстың бұзылуы бұл қорытындыларға кері әсерін тигізді, яғни, салалық бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар тізімі үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасының алға қойған мақсаттарына қолжеткізуге бағытталмаған. Үшіншіден, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар және даму институттарының арасындағы әрекеттесудің жеткіліксіз жылдамдығы, бұл шешім қабылдау мерзімінің ұзаруына және мемлекеттік қолдау тиімділігінің төмендеуіне әкелді. Төртіншіден, жоспарлау, жүзеге асыру барысы туралы мәліметтерді жинау және жиынтықтау, мониторинг мәліметтерін талдау және жоспарланған шараларға қол жеткізу үшін біртекті методологиялық жабдықтың болмауы кедергі келтірді [4].

Алайда барлығы мемлекеттің күшіне бағынбағанын түсіну керек. Экономикалық дамудың жетістігі, маңызды дәрежеде, кәсіпкерлердің қаншалықты тиімді екеніне байланысты. Бизнес-орта өнеркәсіпті дамытудың негізгі қозғаушы күші ретінде ұсынылған бағыттарға дайын болуы қажет, оларды ұғыну және байқап көруі керек. Кәсіпкерлермен қарым-қатынас құруға да біршама уақыт қажет болды.

Индустрияландырудың 2015–2019 жылдарға арналған келесі кезеңі үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудан жинақталған тәжірибені ескере отырып жасалған. Мысалы, осылайша жобалардың коммерциялық жетістіктері үшін бизнестің жауапкершілігін күшейтуді қарастыратын индустрияландыру картасының жобаларын іріктеудің және оларды жүзеге асыруды қолдаудың жаңа тәсілдері қалыптасады.

Сарапшылардың пікірі бойынша, бүгінгі күні еліміздің жаңа экономикалық даму саясаты туралы ой өзінің оң нәтижесін беріп жатқандығын сеніммен айтуға болады. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мерзімінде еліміздің жаңа индустриялық саясатының негіздері қалыптасты, жаңа өндірісті құру бойынша отандық және шетел инвесторларымен белсенді жұмыс басталды [5].

Сонымен қоса экономика құрылымын өзгерту — ұзақ мерзімді және стратегиялық мәселе, себебі сөз экономиканы толығымен қайта құру, яғни техникалық стандарттар, принципті түрде жаңа кадрларды дайындау, инфрақұрылым және, ең бастысы, жаңа өнім өндіруден бастап өзгерту жайында қозғалып отыр.

Сондықтан алдын ала бірінші кезеңді жүзеге асыру мерзімінде экономиканың құрылымын елеулі өзгертуді күтпеген жөн. Бұл 10-15 жылдың мәселесі. Мысалы, Малайзия, Сингапур, Жапония және Оңтүстік Корея осы күнгі жетістігіне, ілгері басқан елдердің мәртебесіне бірнеше онжылдық мерзімінде қолжеткізген. Қазақстан 5 жылдың ішінде екінші Сингапур болады деп болжау салғырттыққа жатады.

Экономика құрылымындағы негізгі өзгерістер ұзақ мерзімді кезеңде күтіледі, бірақ қазірдің өзінде біз үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудан жаман емес әлеуметтік-экономикалық пайда алдық. Бірнеше жыл бұрын ғана Қазақстанның ішкі нарығында қазақстандық өндіріс өнімін табу тіпті мүмкін болмайтын. Қазір жағдай ақырындап жақсы жаққа қарай өзгеріп келеді.

Әр күн сайын біз өз елімізде өндірілген тауарларды қолданамыз, соның ішінде индустрияландыру бағдарламасының аясында жүргізілген жобалардың арқасында өндірілген тауарларды да. Бұл азық-түлік, тұрмыстық техника, автомашиналар, дәрі-дәрмектер, мата бұйымдары және құрылыс материалдары.

Бағдарламаны жүзеге асырудың арқасында экономиканы дамытудың жаңа бағыттары мен секторлары пайда болды, бұрын Қазақстанда ешқашан шығарылмаған өнім түрлерінің дизельді локомотивтер, жолаушылар вагондары, электровоздар өндірісі бір қалыпқа келді. Бұны бағдарламаның негізгі индикаторларын талдау қорытындылары да растайды (3-кесте).

Индустрияландырудың бірінші кезеңін жүзеге асырудағы бес жылдың нәтижелері

Көрсеткіш	Бастапқы көрсеткіш мөлшері	Соңғы көрсеткіш мөлшері	Өсім
Жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі	16,1 трлн тг	34,1 трлн тг	30%
Шикізаттық емес сектордың ЖҚҚ-ның нақты өсімі	11,8 трлн тг	24,5 трлн тг	30,4%
Өңдеу өнеркәсібінің ЖҚҚ-ы	1,8 трлн тг	3,7 трлн тг	24,5%
Өңдеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігі, адам басына	37,3 мың долл.	57,5 мың долл.	1,6 есе
Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі	4%	8%	2 есе

Бағдарламаның жоспарланған деңгейге жете алмау қауіпі бар күрделі индикаторларының бірі — шикізаттық емес экспорттың өсімі. Бұл еліміздің экономикасын дамытудың ішкі тенденцияларымен де (мұнай мен газдың ірі кен орындарын өңдеу), сонымен қатар сыртқы факторлармен де (энергия тасымалдаушыларға әлемдік бағаның өсуі, ЕЭЖ — Ресей және басқалар бойынша серіктеске қатысты санкциялардың Қазақстанға әсері) байланысты.

Егер жалпылама түрде қарастырсақ, индустрияландырудың бірінші кезеңін жүзеге асыру экономиканы әптарандыруды қамтамасыз ету үшін іргетас қалады, инновациялық дамуды және жоғарғы технологиялық ғылымды қажетсінетін өндірістерді талап ететін «болашақтың экономикасы» жобаларын іске қосу үшін алғышарттар жасады.

2015–2019 жылдарға Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 жаңа бағдарламасы жасалды [6].

2015–2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы өңдеу өнеркәсібіне шоғырланады. Бұл «голландық» ауруды және орта табыс тұзағына байланысты қарсы шығуды есепке алсақ, тіпті қажет болады. Мемлекеттік саясаттың міндеті — өңдеу өнеркәсібін өндіруші өнеркәсіп және құрылыспен салыстырғанда табысты теңестіру арқылы инвестиция үшін жағымды нысан ету.

Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 жасаушылары атап көрсетеді: «... бірінші фазада алған сабағымыз: өте көп индикаторлардың болуы қажет емес. Индикаторлардың өте көп болуы назарды және күшті ыдыратады. Әрқайсысы белгілі бір бағытты сипаттайтын 5 негізгі индикаторды қолдануды ұсынады. Жалпы қосылған құнның өзгеруі өсімді немесе төмендеуді көрсетеді, еңбек өнімділігі тиімділіктің өсімін көрсетеді, экспорт бәсекеге қабілеттілікті аңғартады, энергия тиімділігі ресурсты үнемдеу бойынша жалпы бағытты көрсетеді, жұмыспен қамтамасыз етілу әлеуметтік аспектіні сипаттайды».

Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 — бұл өнеркәсіптік саясат. Сонымен бірге бұл бағдарламаның негізгі назары өңдеу өнеркәсібінде болмақ. Алдын ала есептеулер бойынша өңдеу өнеркәсібінде жалпы қосылған құнның өсімі 2020 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 1,5 есе шамасында болуы тиіс [6].

Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 басым бағыты — қара металлургияны, түсті металлургияны, агрохимияны, өнеркәсіп үшін химиялық заттарды, машина жасауды, тамақ өнеркәсібін, мұнай өңдеу өнеркәсібін және мұнай-газ-химия өнеркәсібін дамыту болмақ. Әр секторында экономикалық қызметтің белгілі классификаторларымен (ЭҚБК) барлығы 14 сектор бар. Қазіргі уақытта ғаламдық деңгейде қара металлургия нарығында аса қолайлы емес жағдай туындап отырғанына қарамастан, ол экономиканың елеулі бөлігін құрайды. 2008 жылы қара металлургия барлық өңдеу өнеркәсібінің үштен бір бөлігін құраған, қазір 10 %-ды құрайды, бірақ ол өңдеу өнеркәсібінде 10%-дан артық жұмыспен қамтылуды қалыптастырады [6].

Түсті металлургия — біздің күшті саламыз: Қазақстан базалық металдарды айтарлықтай табысты өндіреді және экспорттайды, міндетіміз — оларды өнеркәсіптік жартылай фабрикаттарға немесе соңғы өнімге дейін өндеуге көшу. Мұнайды өңдеу секторында ішкі нарықты моторлы отынмен қамтамасыз ету мәселесін шешу қажет және байланысты салалар үшін химиялық шикізат жасау керек. Едәуір көлемдегі ілеспе мұнай газының болуы газдық-химиялық өндірістің табысты дамуы үшін іргетас болуы тиіс және өнеркәсіпті пластиктермен қамтамасыз етуі керек. Ірі тау-кен

металлургия кешені және мұнай саласы олар үшін өнеркәсіптік химикаттар машиналарын жасауды дамытуға маңызды мүмкіндік береді.

Келешегі бар бағыттардың бірі азық-түлік өндіру болып табылады. Бұл импортты алмастыру жағынан да, экспорт жағынан да маңызды болып келеді. Келесі сектор — агрохимия. Бізде АӨК жағынан үлкен бүркеулі сұраныс бар, біз еңбек өнімділігінің және ауыл шаруашылығында инновацияның артуына бағытталған аграрлық саясат оны нақты сұранысқа аударатынына сенеміз. Барлық машина жасаудан 6 сектор таңдалып алынды: автокөлік өндіру, электрлік машиналар өндіру, электрлік жабдықтар өндіру, ауыл шаруашылық техникасын өндіру, темір жол техникасын өндіру, ТМК және мұнай саласы үшін жабдықтар өндіру [7].

Сонымен қатар бағдарлама «Қолжетімді баспана–2020» бағдарламасының қажеттіліктерін өтейтін құрылыс материалдары секторының дамуына бағытталған. Аталған барлық салалар Индустриалдық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 бойынша қуаттандырылады.

Жалпы мемлекеттік қолдаудың 80 %-ы жоғарыда аталған секторларға бағытталады. Алайда басқа секторлардың тиімді кәсіпорындарын қолдау қажет екендігін түсіне отырып, мысалы, фармацевтиканың, ағаш өңдеудің, жеңіл өнеркәсіптің және тағы басқалардың, оларға ресурстардың 20 %-ын қолдану ұсынылады.

Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 құрастырушылардың пікірі бойынша, мемлекеттік саясаттың міндеті – инновациялық жобалардың пайда болуы үшін кәсіпкерлерді ынталандыру. Дегенмен, бағдарламаны Кәсіпкерлердің ұлттық палатасымен және салалық қауымдастықтармен бірлесіп дайындау барысында индикативтік болашағы бар жобалар анықталды. Бағдарламаның үлгісі соларды ескере отырып жасалды, бірақ оларды қолдау туралы қорытынды шешім іріктеу көрсеткіштерімен сәйкес келгенде ғана қабылданады [6].

Критерийлер қарапайым: жоғарғы еңбек өнімділігі, бәсекеге қабілетті өнім шығару (көпшілікке танылған халықаралық стандарттарға сәйкес келу), экспорт, мемлекеттік қолдаудың тиімділігі. Қазақстан еңбек өнімділігінің деңгейі бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мемлекеттерінің орта көрсеткіштерінен екі есе қалып келеді, сондықтан біз бұл көрсеткішті жоғарлататын жобаларды ғана қолдаймыз. Екінші критерий — экспорт. Ішкі нарыққа ғана бағытталудың келешегі онша зор емес, көлемі бойынша тиімді өндірісті іске қосуға нарықтың сыйымдылығы жетпейді. Мемлекеттік қолдаудың тиімділігін қосылған экономикалық құн бойынша анықтауды ұсынамыз.

Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасының орнын басушы болып табылады. Онда қолданыстағы даму институттарының жүйесі және қолданыстағы «Бизнестің жол картасы–2020», «Энергия тиімділігі–2020», «Экспортер–2020» және тағы басқа қолдау бойынша бағдарламалар пайдаланылады.

Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы-2 аймақтың мамандандырылуын ескере отырып, аймақтық даму қарастырылған. Мемлекеттік саясат өңдеуші өнеркәсіпте аймақтың қалыптасқан мамандандырылуын дамыту және аймақта базалық факторлар мен шарттар болған жағдайда жаңа мамандандыруды құруға ынталандыру үшін жұмыс жасайды [5].

Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы-2 белгілі бір сапалық индикаторлар және сандық көрсеткіштер енгізілген. Өңдеу секторының сапалы өсімін сипаттайтын барлығы 5 индикатор бар: жалпы қосылған құн, еңбек өнімділігі, шикізаттық емес экспорттың көлемі, өңдеу өнеркәсібінің энергия сыйымдылығы және орнықты жұмыспен қамтылу.

Жаңа бесжылдықта үлкен назар инновацияларға аударылады. Бағдарлама инновациялық жүйені дамыту бойынша күшті бағдарлама аясында ғана емес, сонымен қатар жалпы экономикада үйлестіруге мүмкіндік береді. Инновациялар басқарушылық, маркетингтік, технологиялық және т.б. болуы мүмкін. Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 басты міндеті — бұл технологиялардың «ақылды» трансферті. Яғни, тек қана жабдық сатып алу ғана емес, сонымен қатар техникалық құжаттаманы, ноу-хауды, патенттерді сатып алу, шеттен алып пайдалану, оларды жергілікті шарттарға икемдеу. Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары да инновацияның дамуын түрлендіруі қажет. Сарапшылардың пікірі бойынша, өнеркәсіп инновацияға сұранысты түрлендіре бастаған сәттен бастап, инновациялық белсенділік басталады [8].

Алдын ала есептеулер бойынша Индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама-2 бағдарламасының құны 7 трлн теңгеден 9 трлн теңгеге дейінгі соманы құрайды. Бұл бағдарламаның барлық қаржыландыру көздерін — тікелей шетел инвестицияларын,

кәсіпорындардың инвестицияларын, коммерциялық сектордың — екінші деңгейлі банктердің инвестицияларын қосқандағы 5 жылға арналған құны, ал бюджеттік құралдар, сарапшылардың талдауы бойынша, бағдарламаның барлық құнының 16–20 %-ын құрайды [8].

Қорытындылайтын болсақ:

– индустриялық-инновациялық қызметті ынталандыру үшін құқықтық және экономикалық негіздерді, сондай-ақ осы бағытта мемлекеттік қолдау көрсету шараларын анықтайтын арнайы заң жасалған, өндірістік және бизнес үдерістерді технологиялық жаңғырту және оңтайландыруға бағытталған экономиканың басым секторларын мемлекеттік қолдау шараларының жүйесі құрылған. Сонымен қоса бұл жүйе экспортты сервистік қолдау және сауданы қаржыландыруға, сақтандыруға, инвестиция жұмылдыруға, қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғыртуға («Өнімділік–2020» бағдарламасы), шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға («Бизнестің жол картасы–2020» бағдарламасы) бағытталады;

– ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауына сәйкес, үдемелі индустрияландыру — бұл жана салаларды қалыптастыру үдерісі, сондай-ақ экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын инновацияларды және жоғары технологияларды енгізу негізінде дәстүрлі салалардың дамуы. Қазақстандағы үдемелі индустрияландырудың басты мақсаты — бұл әртараптандыру арқылы экономиканың тұрақты және теңдестірілген өсімін қамтамасыз ету;

– индустриялық-инновациялық стратегия негізінде, өңірлердің ішінде бәсекелестік қабілеті жоғары және экспортқа бейімделген секторларды анықтау арқылы, жалпы өңірлердің дамуына институционалды қолдау көрсету бүгін мемлекеттің негізгі мақсаты болып отыр;

– ел экономикасын өрге сүйрейтін елімізде әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың басты бағытының бірі — индустриялық-инновациялық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпалын тигізетіндігі ақиқат. Сонымен қатар 2015–2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы біздің еліміздің әлемнің 30 дамыған елі қатарына кіруіне өз үлесін қосатын болады. Елбасымыздың жемісті еңбегінің арқасында еліміз дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосылды;

– бүгінгі таңда Қазақстан күрделі экономикалық және саяси міндеттерді табысты шешуде басқа елдерге үлгі болатын деңгейге көтерілді. Ендігі уақытта Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдің көшбасшылығына ұмтылуы заңды құбылыс, өйткені еліміздің экономикалық әлеуеті мен қоғамдағы саяси тұрақтылық, демократияның дамуы оған мүмкіндік беріп отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Уикипедия: еркін энциклопедия. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
- 2 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауы. — 2012. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.akorda.kz
- 3 Қазақстан Республикасының 2010–2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz
- 4 Лобанова Е. Часть средств ГПФИИР не была напрямую связана с реализацией промышленной политики // Деловой еженедельник «Капитал.kz». — 2014.
- 5 Дуламбаева Р.Т. Инновационная индустриализация: особенности и проблемы реализации. — 2015. — [ЭР]. Режим доступа: <http://group-global.org/ru/publication>
- 6 2015–2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы (ИИДМБ-2). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz
- 7 Ходжаниязова Ж.Т. Нарықтық экономика негіздері: оқулық. — 2-бас. — Астана: Фолиант, 2010. — 168 б.
- 8 Буранбаев А. ГПИИР-2: изменения, новшества, ресурсы. — 2015. — [ЭР]. Режим доступа: <http://group-global.org/ru/publication/8831-gpiir-2-izmeneniya-novshestva-resursy>

А.Ж. Тиштыкбаева

Приоритетные направления государственных стратегических программ индустриально-инновационного развития Республики Казахстан

В статье отмечено, что государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан является частью промышленной политики Казахстана и сфокусирована на развитии обрабатывающей промышленности, с концентрацией усилий и ресурсов на ограниченном числе секторов, региональной специализации с применением кластерного подхода и эффективным отраслевым регулированием. Автором проанализированы результаты реализации Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан и их влияние на экономику страны. Показаны основные перспективы развития экономики в рамках осуществления госпрограммы. Рассмотрены место и роль ключевых отраслей, способных вывести экономику страны на новый виток развития.

A.Zh. Tishtykbayeva

Priority directions of the state strategic programs of industrial and innovative development Republic of Kazakhstan

The state program of industrial development of Kazakhstan is a part of industrial policy of Kazakhstan focused on development of manufacturing industry, concentrated on limited number of sectors of regional specialization, cluster approach and effective sectoral regulation. In article results of realization of the state program for accelerated industrial-innovative development and their influence on national economy are analyzed. The main prospects of development of economy within state program implementation are considered. The place and role of the key industries, capable to bring national economy to a new round of development is considered.

References

- 1 Wikipedia: the free encyclopedia, [ER]. Access mode: <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
- 2 *Message from the President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev Strategy «Kazakhstan – 2050»: New political course established state*, 2012, [ER]. Access mode: www.akorda.kz
- 3 *The state program of forced industrial-innovative development of Kazakhstan for 2010–2014*, [ER]. Access mode: www.adilet.zan.kz
- 4 Lobanova E. *Business weekly «Kapital.kz»*, 2014.
- 5 Dulambayeva R.T. *Innovative industrialization: peculiarities and problems of implementation*, 2015, [ER]. Access mode: <http://group-global.org/ru/publication>
- 6 *The state program on industrial-innovative development of Kazakhstan for 2015–2019*, [ER]. Access mode: www.adilet.zan.kz
- 7 Hodzhaniyazova Zh.T. *The foundations of a market economy: textbook*, 2, Astana: Foliant, 2010, 168 p.
- 8 Buranbaev A. *SPIID-2: change, innovation, resources*, 2015, [ER]. Access mode: <http://group-global.org/ru/publication/8831-gpiir-2-izmeneniya-novshestva-resursy>